

Бестамақ орта мектебінің мемлекеттік қызмет көрсетуг жакапты тұлғалардың отырысының

## ХАТТАМАСЫ №1

Катысты 5

### КҮН ТӘРТІБІ:

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғалардың есебі

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектепте көрсетілетін мемлекеттік қызмет жөнінде жауапты мамандар Аккалиева Ж.М. Даuletалина А.К баяндама жасады.

**Аккалиева Ж.М-** 1-ші қызмет бойынша «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және окуга қабылдау» бойынша 2023-2024 оку жылы қаңтар, ақпан, наурыз айында окушы қабылданбады.

#### 1 СӘУІРДЕН БАСТАП, БІРІНШІ СЫНЫПҚА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ

¶ "Бестамақ орта мектеп" КММ -сі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандығы 564 бүйрекмен бекітілген. (30.01.2024 жылғы №16 өзгерістерімен) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және окуга қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі негізінде жүргізілді. 1-сыныпқа өтініштерді қабылдау ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап 31 тамызына дейін қолжетімді. 2024-2025 оку жылына 1-сыныпқа құжаттар қабылдайды және алты жастагы сондай-ақ құнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

¶ Құжаттарды қабылдау 2 тәсіл: "электронды үкімет" веб-порталы және білім беру үйымы арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.

#### ¶ Қажетті құжаттар тізімі:

¶ • Ата-ананың немесе занды өкілдердің өтініші;

¶ • 052-2/u нысанды "Бала денсаулығының паспорты";

¶ • 065/u нысанды «Профилактикалық екпелер картасы» бойынша баланың денсаулық жағдайы туралы анықтама;

¶ • 3×4 см өлшеміндегі баланың 2 дана цифрлық фотосуреті;

Ата-аналарға Egov.kz порталдың «Білім» бөліміне одан әрі «Орта білім» бөліміне әрі қарай мектепті тандап, қажетті құжаттарды қоса жолдай отырып өтініш беру жеткілікті.

**2-ші қызмет бойынша** «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды үйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» бойынша 1 ата-ана Тайтаковадан өтініш түсті. 2 «В» класс окушысы Тайтакова Танзилия 18 наурыз айынан бастап, үйден оқытылуда.

**3-ші мәселе бойынша** "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" бойынша 10 окушы қабылданды. Қантар айында электронды 3 окушы, қағаз жүзінде 6 окушы қабылданды. Ақпан айында 1 окушы қағаз жүзінде қабылданды.

**А.К. Даuletалина** 4- ші қызымет бойынша «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» 2024 жылы 1 сұраныс түсті. 1. ҚР БФМ мемлекеттік қызыметтерін автоматтандыру es.iac.kz қызымет көрсету орталығынан 2024 жылдың 5 ақпан күні №0156433 түсken өтінім бойынша 2008 жылы Бестамақ орта мектебін бітірген негізгі орта білім туралы аттестаттың (бұлшынан байланысты) телнұсқасы берілді. Өтініш 05.02.2024 ж қабылданып, 26.02.2024 жылы қайтарылды.

**2023-2024 оқу жылындағы окушылардың ыстық тамақпен қамтылуы жөнінде Г.Қ.Дощенова** сөз алды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қантар, ақпан, наурыз айынан бастап жекелеген санаттағы білім алушылармен катар 1-4 бастауыш клас окушылары 314 тегін ыстық тамақпен қамтылды. Бестамақ орта мектебінде бүтінгі танда 347 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Окушылар екі ауысымда, ұзак үзілісте асханаадан бір мезгіл ыстық тамақпен ауқаттанып, аспазшы апайларына алғыстарын білдіреді. Асхана стандартқа сай жасақталған. Асхана бұрышы, окушылардың тамақтануы жөнінде стендтер жасақталған. Ас блогы қызыметкерлерінің деңсаулық жағдайын тіркеу журналы жүргізілген. Асханаадагы сынған ыдыстар жоқ. Аспазшы кезекті медициналық тексерістен өткен. Асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киім үлгісі, барлық санитарлық талапқа сай. Үйдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай-күйі қанагаттанарлық денгейде. Шагымдар мен ұсыныс кітабы жүргізіледі. Қол жуатын арнайы орындар жабдықталған.

Хатшы

Г.Абуова